


«Бекітемін»

"Қазақстан агротехникалық колледжі"

КМҚК директоры

М. Байкенов

06 2021 ж



2021-2022 оқу жылына арналған

"Қазақстан агротехникалық колледжі" КМҚК

қабылдау ережесі

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қазақстан агротехникалық колледжі" КМҚК (бұдан әрі - Қазақстан агротехникалық колледжі) оқуға қабылдау қағидалары "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 11) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына (бұдан әрі-Зан) сәйкес әзірленді және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына (бұдан әрі – ТЖКБ үйымдары) оқуға қабылдау тәртібін айқындайды.
2. Техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарына негізгі орта, жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ білім туралы құжатымен (куәлік, атtestat) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар қабылданады.

3. Оқуға тұсу кезінде "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабының 8-тармағында көрсетілген адамдарды қабылдау квотасы көзделеді.

Қабылдау квотасының мөлшері "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға тұсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 қаулысымен (бұдан әрі – № 264 қаулы) бекітілген.

2 тарау. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдау тәртібі.

4. "Қазақстан агротехникалық колледжі" КМҚК оқуға өтініштерді қабылдау, әңгімелесу өткізу, білім алушылар құрамына қабылдау үшін басшының бұйрығымен 10 маусымнан кешіктірмей қабылдау комиссиясы құрылады, ол тақ саннан тұрады. Қабылдау комиссиясының құрамына Қамқоршылық кеңесінің (ол болмаған жағдайда – жұмыс берушілердің өкілдері), қоғамдық үйымдардың және білім беру үйымдарының өкілдері кіреді. Комиссия мүшелерінің ішінен жауапты хатшы және техникалық хатшылар тағайындалады.

Қабылдау комиссиясының төрағасы білім беру үйымының басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға болып табылады.

Қабылдау комиссиясы мен техникалық хатшылардың жұмысын үйымдастыруды жауапты хатшы жүзеге асырады, сондай-ақ ол азаматтарды қабылдауды жүргізеді, қабылдау мәселесі бойынша азаматтардың жазбаша сұрау салуларына жауаптар береді, қабылдау комиссиясының ақпараттық материалдарын жариялауға дайындайды, әңгімелесуді, емтихан алды консультацияларды және арнайы және шығармашылық емтихандарды дайындауды және өткізуді үйымдастырады, емтихан және жазбаша жұмыстарды шифрлауды және дешифрлауды жүргізеді.

5. Қабылдау және/немесе емтихан комиссияларының шешімдері, егер олардың отырыстарына оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі және қатысуышылар санының көпшілік даусымен қабылданады. Қабылдау және/немесе емтихан комиссиясы мүшелерінің дауыстары тең болған кезде комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Хатшы қабылдау және / немесе емтихан комиссиясының мүшесі болып табылмайды.

Қабылдау және/немесе емтихан комиссиясының қорытынды отырысында аудио - немесе бейнежазба жүргізіледі. Аудио - немесе бейнежазба білім беру үйымының мұрагатында кемінде бір жыл сақталады.

6. Карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайларында қабылдау және/немесе емтихан комиссияларының жұмысын білім беру үйымы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүргізеді.

7. Қазақстан агротехникалық колледждің қабылдау комиссиясының өнірлерге барып тұлғаларды оқуға қабылдау жұмысын үйымдастыру мәселелері тиісті саланың уәкілетті органының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органының (бұдан әрі – Білім басқармасы) келісімі бойынша шешіледі.

8. Мемлекеттік білім беру тапсырысы (бұдан әрі – мемлекеттік тапсырыс) бойынша Қазақстан агротехникалық колледжге оқуға қабылдау білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша, арнайы оқу бағдарламалары бойынша күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 31 тамызы аралығында, сырттай оқу нысанына күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 30 қыркүйегі аралығында жүзеге асырылады.

9. Қазақстан агротехникалық колледжге тұлғалардың оқуға өтініштерін қабылдау:

1) білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 25 тамызы аралығында, оқудың кешкі нысанына күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында жүзеге асырылады;

2) орта буын мамандарын және колданбалы бакалаврларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс бойынша күндізгі оқу нысанына – негізгі орта білім беру базасында күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 18 тамызы аралығында;;

күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 тамызы аралығында жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру базасында, ақылы негізде – күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 25 тамызы аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында жүргізіледі.

10. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы білім беру ұйымына (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) не "Электрондық үкіметтің" веб-порталына (бұдан әрі – Портал) жүгінеді және осы Қағидаларға 1 – қосымшаға сәйкес "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі-Стандарт) сәйкес құжаттар топтамасын ұсынады.

11. Оқуға тұсу үшін құжаттарды кәмелетке толған адамдар жеке өзі, кәмелетке толмағандар – занды өкілінің қатысуымен ұсынады.

Көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар тізбесі:

1) құжаттарды қабылдау туралы өтініш;

2) білімі туралы құжаттың түпнұсқасы;

3) 3x4 см көлеміндегі 4 дана фотосурет;

4) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № КР ДСМ-175/2020 бүйрүғымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21759 болып тіркелген) бекітілген № 075-У нысаны бойынша медициналық анықтама, I және II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № КР ДСМ-175/2020 бүйрүғымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 21759 болып тіркелген) № 031-У нысаны бойынша медициналық-элеуметтік сараптама корытындысы;

5) жеке басын куәландыратын құжат (тұлғаны салыстыру үшін). Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттарды жеке өзі немесе заңды өкілдері ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушылар – шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар олардың мәртебесін айқындайтын, тұрғылықты жері бойынша тіркелгендігі туралы белгісі бар құжатты ұсынады:

- 1) шетелдік – шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтіяр хаты;
- 2) азаматтығы жоқ тұлға – азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;
- 3) босқын – босқын куәлігі;
- 4) пана іздеуші тұлға – пана іздеуші тұлғаның куәлігі;
- 5) қандас – қандас куәлігі.

Порталға:

1) көрсетілетін қызметті алушының нақты тұрғылықты жері көрсетілген, оның өкілінің ЭЦҚ қойылған көрсетілетін қызметті алушының ата-анасының (немесе оның заңды өкілдерінің) бірінің электрондық құжат нысанындағы өтініші;

2) білімі туралы құжаттың электрондық көшірмесі немесе электрондық түрдегі білім туралы құжат;

3) "Денсаулық сактау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № КР ДСМ-175/2020 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21759 болып тіркелген) бекітілген № 075-У нысаны бойынша медициналық анықтаманың, I және II топтағы мугедектер мен бала жасынан мугедектер үшін "Денсаулық сактау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № КР ДСМ-175/2020 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21759 болып тіркелген) бекітілген № 031-У нысаны бойынша медициналық-элеуметтік сараптама корытындысының электрондық көшірмелері;

4) 3x4 см көлеміндегі цифрлық фотосурет;

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы хабарлама-есеп жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға З-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі:

- 1) тапсырылған құжаттар тізбесі;
- 2) құжаттарды қабылдаған қызметкердің тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), лауазымын, сондай-ақ оның байланыс деректерін қамтуға тиіс.

Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және

техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда, осы аумактағы көрсетілетін қызметті алушылар шектеу іс-шараларын алғып тастауға, төтенше жағдайдың қолданылуын тоқтатуға қарай осы тармақтың бірінші абзацының 4) тармақшасында және екінші абзацының 3) тармақшасында санамаланған құжаттарды тікелей білім беру үйімдарына ұсынады.

12. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасының қабылданғаны туралы колхат беруді өтініш келіп түскен күні жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, құжаттарды қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес қолхат береді.

13. Құжаттар Портал арқылы берілген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы акпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

14. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері өтініш келіп түскен күні оны тіркеуді жүзеге асырады және жауапты құрылымдық бөлімшеге орындауға жібереді. Өтініш жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері келіп түскен жағдайда өтініш келесі жұмыс күнінде тіркеледі.

15. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қуәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" қағаз жеткізгіште өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды жібереді.

16. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама жібереді.

17. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мәліметтерді Мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуі қамтамасызы етеді.

18. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы"

Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

19. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

20. Окуға түсушілерден түскен өтініштер білім беру ұйымының тіркеу журналдарына тіркеледі.

21. Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша окуға түсетін, сондай-ақ мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік (жұмыс біліктілігі), орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар орта буын мамандықтарына окуға түсетін адамдармен әңгімелесу жүргізіледі. Қабылдау комиссиясы окуға түсушімен тиісті бағыттар бойынша 20 минуттан артық емес жеке әңгімелесуді өткізеді. Әңгімелесуге арналған сұраптар тізбесін қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

22. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда әңгімелесу ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүргізіледі.

23. Білікті жұмыс кадрларын даярлауға окуға түсушілердің саны мемлекеттік тапсырыс бойынша окуға бөлінген орындар санынан асқан кезде окуға қабылдау № 264 қаулыға сәйкес орташа конкурсстық балл, сондай-ақ квота санаты негізінде жүзеге асырылады.

24. Осы Қағидаларда көрсетілген окуға түсушілердің қабылдау квотасы көзделген адамдарға тиесілігін растайтын құжаттар білім беру ұйымының қабылдау комиссиясына күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін ұсынылады.

25. Осы Қағидаларда көрсетілген білім беру ұйымдарының қабылдау комиссиялары күнтізбелік жылдың 25 маусымынан бастап білім беру ұйымының сайтында орташа конкурсстық балын көрсете отырып, талапкерлер мен қабылдау квотасы көзделген адамдардың тізімдік құрамын қалыптастырады және оны күнделікті жаңартуды қамтамасыз етеді.

26. Білім беру ұйымына ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды окуға қабылдау медициналық-әлеуметтік сараптаманың (медициналық анықтаманың) ұсынымдары мен қарсы көрсетілімдері ескеріле отырып, мамандықтар мен біліктіліктерде жүзеге асырылады.

"Женіл және орташа ақыл-ой кемістігі" диагнозы бар ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды окуға қабылдау психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы ескеріле отырып жүргізіледі.

27. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс бойынша окуға түсетін тұлғалар күнтізбелік жылдың 25 маусымынан бастап ерікті негізде білім басқармасының ақпараттық жүйесі арқылы кәсіптік диагностикадан (сауалнама) өтеді.

28. Кәсіби диагностиканың қорытындысы бойынша талапкерге мамандықтар таңдауы бойынша ұсыныстар және ұсынылатын мамандықтарға кәсіптер картасы ұсынылады. Кәсіби диагностиканың қорытындылары ұсынымдық сипатта болады.

29. Емтихан нәтижелерімен келіспеген тұлға апелляцияға өтініш береді. Апелляцияға өтініш емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13:00-ге дейін апелляциялық комиссияға беріледі және апелляциялық комиссия өтініш берген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің катысуымен қарайды.

30. Апелляциялық комиссияның шешімі отырыска оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Апелляциялық комиссияның шешімі отырыска қатысып отырған Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тен болған жағдайда апелляциялық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және апелляциялық комиссияның барлық мүшелерінің қолдары қойылған хаттамалармен ресімделеді.

31. Негізгі орта білім беру базасында окуға түсушілер мемлекеттік тапсырыс бойынша окуға арналған конкурсқа қатысу үшін білім басқармасының ақпараттық жүйесіне күнтізбелік жылдың 18 тамызы бойынша, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру базасында күнтізбелік жылдың 20 тамызы аралығында осы Қағидалардың 10 – тармағына сәйкес өтініш береді.

32. Конкурсқа өтініш берген кезде окуға түсушілер облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары бекіткен төрт мамандыққа, біліктілікке (қажет болған жағдайда), ТЖКБ кадрлар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты орналастыру жөніндегі комиссия бекіткен ТЖКБ төрт үйымына дейін, оқыту тілін (қазақ, орыс, ағылшын), білім деңгейін таңдайды.

33. ТЖКБ үйымдары күнтізбелік жылдың 26 тамызына дейін мамандығын, біліктілігін көрсете отырып, осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген және өтініш берген адамдарды білім басқармасының ақпараттық жүйесінде тіркейді.

34. Конкурс педагогикалық, медициналық мамандықтарға, шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға түсушілер үшін білім туралы құжатқа сәйкес талапкерлерді міндетті және бейінді пәндерді бағалаудың орташа конкурстық балы бойынша автоматты түрде бөлу арқылы білім басқармасының ақпараттық жүйесі (білім және ғылым, мәдениет және спорт саласындағы уәкілетті органның құзыретіндегі ТЖКБ үйымдарын қоспағанда) өткізеді, Білім туралы құжатқа сәйкес міндетті және бейіндік пәндер бағаларының (балдарының) және ТЖКБ үйымы өткізген арнайы және/немесе шығармашылық емтихандардың нәтижелері бойынша, сондай-ақ қабылдау квотасын ескере отырып алынған бағалардың (балдардың) орташа балы бойынша.

35. Талапкерлерді автоматты түрде бөлуді білім басқармасы айқындаған ақпараттық жүйе (білім беру платформасы) жүзеге асырады.

36. Білім және ғылым, мәдениет және спорт саласындағы уәкілетті органның құзыретіндегі ТжКБ үйымдарына түсетін адамдар арасындағы конкурсты ТжКБ үйымдары мемлекеттік тапсырысты бөлудің автоматтандырылған жүйесін қолдана отырып, дербес өткізеді.

37. Мемлекеттік тапсырыс бойынша негізгі орта білім беру базасында окуға түсетін тұлғалар арасындағы Конкурс күнтізбелік жылдың 19-22 тамызы аралығында, ақылы негізде – күнтізбелік жылдың 26-28 тамызы аралығында жалпы орта білім беру базасында, ТжКБ базасында күнтізбелік жылдың 22-25 тамызы аралығында, ақылы негізде – күнтізбелік жылдың 26-28 тамызы аралығында, өнер және мәдениет мамандықтарына окуға түсетіндер арасында күнтізбелік жылдың 29 шілдесі мен 2 тамызы аралығында өткізіледі.

38. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша бейіндік пәндер тізбесі осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес айқындалады.

39. Орташа конкурстық балл тең болған кезде білім туралы құжаттың орташа балы, сондай-ақ № 264 қаулыға сәйкес квота санаты ескеріледі.

40. Басқа елдің білім туралы құжаты бар адамдар үшін білім туралы құжатта міндетті және бейінді пәндер болмаған кезде міндетті және бейінді пәндердің тізбесін білім беру үйымының қабылдау комиссиясы ақпараттық жүйе арқылы белгілейді.

41. Мемлекеттік тапсырыс бойынша бөлінбеген орындар, мамандықтар бойынша топтар (өнер және мәдениет, денсаулық сактау мамандықтарын қоспағанда, кемінде 15 адам), қамтылмаған талапкерлер болған кезде күнтізбелік жылдың 29 тамызы аралығында №122 бүйрыққа сәйкес мамандықтар және ТжКБ үйымдары бойынша мемлекеттік тапсырысты қайта бөлу жүргізіледі.

42. Білім беру үйымы негізгі орта білім беру базасында окуға түсетін адамдар арасындағы конкурс қорытындыларын күнтізбелік жылдың 23 тамызында, жалпы орта білім беру базасында күнтізбелік жылдың 25 тамызында ресми интернет-ресурстарда жариялайды, сондай-ақ талапкерлерді конкурстың қорытындылары туралы ақпараттық жүйе арқылы хабардар етеді.

43. Орта буын, қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау білім беру үйымы басшысының бүйрығымен қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасы негізінде жүргізіледі:

- 1) оқудың күндізгі нысанына – күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін;
- 2) оқудың кешкі және сырттай нысанына – күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегі бойынша;

44. Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау:

- 1) оқудың күндізгі нысанына – әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін;
- 2) оқудың кешкі нысанына – негізгі орта немесе жалпы орта білімі туралы құжаттарда көрсетілген бейіндік пәндер бойынша бағалары, әңгімелесу

нәтижелері ескеріле отырып іріктеу негізінде күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегі аралығында өткізіледі.

45. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытуудың 2017-2021 жылдарға арналған "Еңбек" Мемлекеттік бағдарламасынā қатысуышыларды оқуға қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 26 қарашадағы № 646 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17800 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

46. Қабылдау комиссиялары оқуға түсушілерді қабылдау нәтижелері туралы ақпаратты орта буын және қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін оқудың күндізгі нысанына күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін, білікті жұмысшы кадрларды даярлау – күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін, оқудың кешкі және сырттай нысанына күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегіне дейін ақпараттық стенділерге немесе ТЖКБ үйыминың интернет – ресурстарына орналастыру арқылы жеткізеді.